

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ICWG2355>

***А. Ш. Каппасова¹, А. С. Адилова²**

^{1,2}Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*e-mail: ai_kerim.k@mail.ru

ПРЕЦЕДЕНТТІ ҚҰБЫЛЫС ЖӘНЕ ГАЗЕТ МӘТІНІ

Мақалада қазіргі күні филология ғылымында жан-жақты зерттеліп келе жатқан өзекті мәселелердің бірі – шығармашылық стиль мәтіндерінің вербалды қабатындағы интертекстуалдылық құбылысы қарастырылады. Соңғы жылдары түрлі мәтіндер фрагменттері газет тілінде белсенді қолданылып жүр. Журналистер тарапынан тақырып құруда пайда болған жаңа формат – цитация құбылысы немесе интертекстуалдылық. Мақалада осы форма оқырманның назарын аудару, мәтін тақырыбын ерекшелеу, ықшамды түрде беру мақсатында қолданылады және прецедентті мәтіндер арқылы көрсетіледі. Сондай-ақ прецедентті мәтінге сілтеме жасау арқылы ақпарат алушы адам қойылған тақырыпты түсіну үшін өзінің ойлау белсенділігін, көзқарасын одан әрі арттыра түседі. Тақырыптың басты қызметі – ақпараттық және номинативтік. Мәтін тақырыбы оқырманның мәтінге деген қызығушылығын танытуда, белгілі бір жаңалыққа, мәселеге деген эмоционалды қатынасын тудыруда негізгі орын алады. Оқырманның өзіндік көзқарасын қалыптастырады, оның есте сақталуын қамтамасыз етеді. Ғылыми мақалада бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтін тақырыбының осындай атқаратын қызметтерін дәл бере білетін – прецедентті құбылыс арқылы жасалған тақырып атаулары қарастырылады. Нәтижесінде мақалада отандық газет материалдары тақырыптарында цитация қағидаты арқылы көрінетін прецедентті мәтіндер қызметі зерттеледі. Олардың ерекшелігі, қолданысы талдау, жинақтау, салыстырмалы, сипаттамалық әдістері арқылы талданады.

Кілтті сөздер: интертекстуалдылық, мәтін, прецедентті мәтін, газет тілі, «Стокгольм синдромы», прецедентті феномен.

Кіріспе

XX ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға енген «интертекстуалдылық» термині бастапқыда шетел ғалымдарының еңбектерінде кездесіп, зерттелген болатын. Ф. де Соссюр, М. М. Бахтин, М. Ю. Тынянов еңбектерінен бастау алып, Ю. Кристеваның ғылыми пікірлері арқылы танылған бұл ұғымды Н. А. Фатеева, Н. А. Кузьмина, А.В. Савченко, А. Д. Васильев, В. Е. Чернявская сияқты орыс лингвистері және Б. Майтанов, Т. У. Есембеков, А. С. Әділова, А. Ислам, Б. А. Абдыханова, Ж. Аймұхамбет сынды отандық ғалымдар одан әрі зерделеп, көлемді зерттеу жұмыстарын жазды. Қазақ тіл біліміндегі интертекстуалды байланыс мәселесіне арналған зерттеулер қазіргі мәтіндер желісін қамтып, әдебиеттану тұрғысынан, тілтанулық тұрғыдан пайымдалды десек болады. «Мәтін ішіндегі мәтін» деп танылған интертекстуалдылық көркем мәтіндерде әртүрлі жолдармен, мысалы, түпнұсқа мәтіннен алынған үзінді цитата, ирониялық тұрғыда жазылатын породия, белгілі бір шығарманы еске түсіретін реминисценция, аллюзия және перифраздар арқылы көрініс табады. Қазақ тіл білімінде поэзия жанрында кең түрде қолданылған интертекстуалдылық және прецедентті мәтіндер қазіргі таңда БАҚ материалдарында жиі ұшырасады. Әсіресе журналистер бұл құбылысты газет мәтіндерінің тақырыпаттары ретінде пайдаланады. Соның нәтижесінде газет, журнал беттеріндегі мақала мәтіндері айқын және мәнерлі бола түседі.

Материалдар мен әдістері

Тақырыпты зерттеу үшін ҚР шығатын бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желілеріндегі материалдар дереккөз ретінде пайдаланылды. Оларды жүйелі түрде ұсынуда теориялық материалды контекстік талдау, жинақтау, салыстырмалы, сипаттамалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

XX ғасырдың соңғы ширегі кезінде әлемдегі тілдер мен психологияда «**Стокгольм синдромы**» деген тіркес пайда болды. Ол Стокгольмде (Швеция) 1973 жылы банк тоналуына байланысты туындаған, яғни азаптаушының зардап шегуші жәбірленуші үшін жағымды кейіпкерге айналуын сипаттайды. 6 күн кепілдікте отырған тұтқындардың жағына шыққан ұрылардың әрекетіне қарап, ерекше қылмыстық іс болғанын көреміз. Міне, осындай стрестік жағдайда болған стандартты емес психологиялық реакция «Стокгольм синдромы» деп аталды. Бұл туралы <https://www.forbes.ru> сайтында Ю. Гладильщиковтің «Как родился стокгольмский синдром» (01.07.2019) [1] деген мақаласы шықты. Тіпті танымал режиссер Роберт Бурдонның «Stockholm» («Однажды в Стокгольме») деген атпен тарихи оқиғаға негізделген триллер жанрындағы фильмі бар.

Жалпы «синдром» деген не? Ол адам бойына дендеп енген ауру. «Стокгольм синдромы – бұл шабуыл жасалған объектінің өзінің зорлаушысына дұрыс жауап бермеуінен көрінетін ерекше психологиялық феноменді суреттейтін тіркес. Басқаша айтқанда, бұл шабуылшы және қорғаушы тарап арасындағы травматикалық оқиға (ұрлау, зорлық-зомбылық, бас бостандығынан айыру) болған кездегі бейсаналық қорғаныс байланысы. Мұндай қарым-қатынас екі жақ тараптан бірдей немесе бір жақты ғана болуы мүмкін. Тым қатты эмоционалдық уайым болғандықтан, жәбірленушінің жәбірлеушіге деген сүйіспеншілігін тудырады» [2]. Қазіргі күні психологтар бұл синдромның әлеуметтік Стокгольм синдромы, корпоративтік Стокгольм синдромы, Стокгольм сатып алушылар синдромы деген түрлерін де айтып жүр. Мысалы, «International Journal of Advanced Research» халықаралық журналына шыққан Minu .S. Nair деген ғалымның «Stockholm syndrome – A self delusive survival strategy» (Стокгольм синдромы – өзін-өзі алдайтын аман қалу стратегиясы) атты зерттеу мақаласы әлеуметтік Стокгольм синдромына арналған. Ғалым зерттеу мақаласында бұл аурудың шығу тарихынан бастап, белгілерін, сипатын, салдарын жан-жақты айтып өтеді. Стокгольм ауруының байырғы заманда пайда болғанын, бұл дертпен көбінесе әйелдер қауымының ауырғанын алға тартады. Себебі, жаулап алған тайпаға күң болған әйел баласын ұрып, өлтірсе де ештеңе жасай алмаған, өміріне қауіп төнетінін біліп өзін-өзі қорғау мақсатында үндемеген. Ғалым осындай мысалдар келтіре отырып, мақаласын да «Стокгольм синдромы – өзін-өзі алдайтын аман қалу стратегиясы» деп атаған. Сондай-ақ мақалада Стокгольм синдромының ең танымал деген 1974 жылы болған Кэти Перстің және 1933 жылы ұрланған 25 жасар Мак Эрлойдың оқиғаларын, осы ауруға ұшыраған қыздардың қиын өмірін баяндап береді [3]. Жалпы шетел ғалымдарының «Стокгольм синдромы» ауруына арналған көптеген зерттеу мақалалары бар. Ғалым Cassidy James Patrick «The Stockholm syndrome, battered woman syndrome and the cult personality: An integrative approach» атты мақаласында Стокгольм синдромы, соққыға жығылған әйел синдром және культтік тұлға синдромы деген 3 түрлі синдромды қарастырып, зерттеу жасайды [4]. «Stockholm syndrome’: psychiatric diagnosis or urban myth?» («Стокгольм синдромы»: психиатриялық диагноз ба әлде қалалық миф пе?») деген мақалада «Стокгольм синдромы – кейбір ұрланған адам мен ұрлаушының арасында дамиды деп оң байланысты сипаттау үшін қолданылатын термин» [5] деген түсінік беріледі. М. Namnyak, N. Tufon бастаған ғалымдар БАҚ-та мұндай жағдаймен көп оқиғалар жарияланғанмен, бұл диагноз еш жерде жазылмағанын айтып, осы аурудың бар екенін дәлелдеп шығу үшін зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Байқалып отырғандай, бұл тіркес термин ретінде психология, психиатрия, юриспруденция салаларында орнығып, қалың көпшілікке

де қосымша түсіндірусіз танымал болып отыр. Осы терминнің екінші компоненті «синдром» сөзінің анықтамасы белгілі бір қоғам, лингвомәдени кеңістікте белең алған жағымсыз әдеттер, құбылыстарды ықшам, әсерлі, дәл сипаттауға негіз болып отыр. Тіркестің қолданушылар тарапынан контаминацияға ұшырап, әр алуан жағдай, оқиға, құбылыстарды дәл атау үшін тиімді құралға айналғанын да көруге болады.

Қазіргі қазақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы тақырыптың біразы «**Стокгольм синдромы**» деген прецедентті атау негізінде қойылған:

1 «Жақсылықовтың жоспары: **«шапан жабу синдромы»** («ЖасАлаш», Қ. Зарыққанқызы / 27.04.2022.) деп аталатын мақалада Қорғаныс министрлігі Қарулы күштерінің 30 жылдығына орай мемлекет қорынан бөлінген ақша туралы айтылады. Мұнда бұл мәселенің қаншалықты дұрыс, бұрыстығын сынға алған журналистің (дұрысы халықтың) жанайқайы берілген. «33 млн теңгеден астам қаражатты төсбелгі мен кәдесыйға жұмсау қаншалықты негізді?! Бұл әрекет бізде қалыптасып қалған «шапан жабу синдромын» еске түсірмей ме?!... Мұнымен дамимыз ба? Шынымен де бұл кім үшін, не үшін керек осы?...» [6] деп аяқтаған мақаласында журналистің сөйлем соңын сұрақ белгісімен және көп нүктемен беруі де ойының аяқталмағанын көрсететіндей. Жалпы, қазақ халқында құдайы қонақ келсе қой сойып, ас беріп, ат мінгізіп, шапан жауып сыйлап жібереді. Ол біздің халқымыздың ерекше сипаты, дархан көңілі. Бірақ кейінгі кездері бұл дәстүрдің жағымсыз тұсы басым боп кеткені байқалады. Кей жандар бастықсымақ, қолында билігі бар адамға жағыну, жағымпаздану мақсатында бұл салтты ұстанып жүр. «Шапан жабу синдромы» деген тіркесті қолданған журналистің де айтпақ ойы осы.

2 Сол сияқты <https://zhaikpress.kz> сайтында тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Жақсығалиевтің тарихи-публицистикалық көзқарас ретінде жазылған «**Күншілдік синдромы**» деген мақаласы (16.02.2022) жарық көрді. Тарихи оқиғаларды дәлел ете отырып жазған көлемді туындысында қазақ халқының бойына біткен «күншілдік» қасиетін нақты ашып береді. Философ Кант, М. Мақатаев, Абай, Шәкәрім, Ф. Ницше сынды біртуар тұлғалардың өлеңдерінен үзінді келтіріп дәлелдей түседі. Мақалада афоризм, цитата сөздер, өлең жолдарының шумақтары өте көп келтірілген. «Кімде-кім білімнің биік шыңына қол жеткізсе, адамдардың көпшілігі оған қарсы болатынын алдын-ала білуі тиіс» (Иоганн Гете), «Жақсының дұшпаны – өте жақсы», «Көре алмаушылық – жүректегі у» (Франсуа Вольтер), «Өз тағдырына риза болмағандар басқаның бақытын қызғанады», «Күншілдікті қоздыратын нәрсе – өзге жанның асқақтаған даңқы. Ол қызғаныш отын лаулатады» (Бальтасар Грасиан), «Жігіттің өзін күндесең де, бағын күндеме», «Топ көрмеген – қорғаншақ, топта озбаған – қызғаншақ» [7] т.б. үзінділердің барлығы дерлік прецедентті айтылымдар, яғни үлкен бір

мәтінге екінші бір мәтіннің цитата ретінде енгізілуін көреміз. Тіл білімі ғылымында цитата, цитата сөз деген терминдермен аталатын бұл құбылыстар интертекстуалдылықты танытатын басты көріністердің бірі. Бұлардың барлығы автордың өз ойын дәлелдеу, нақтылау, қорыту қызметтерін атқарып, мәтіннің адресатқа ықпалын күшейтетіні сөзсіз.

3 <https://dalanews.kz> сайтына журналист Ү. Ожайұлының Бөкейхан атындағы сыйлыққа ұсынылған «Ескендір» синдромы» мақаласы жарық көрді (16.09.2016) Бұл мақала да қазақ ақындарының канатты сөздеріне толы. Бірақ басты идеясы – хакім Абайдың Физули, Шәмси, Сәйхали, Фирдауси, Науаи, Сағди, Хожа Хафиз сияқты алыптардың пікірлерінен тың, бөлек көзқарас қалыптастырғанын көрсету. Яғни араб алыптары Ескендірді керемет етіп мақтап, ел басқарған батыр, патша ретінде көрсетсе, Абайдың алдыңғы ақындардан басты айырмашылығы, «поэманы тарихи деректілікке емес, танымдық қабаттарға құрып, адам болмысының мәнін іздейді... Абай жазған Ескендірдің «соғысы» жұмыр жер үстіндегі майдан емес, адам болмысының ішіндегі нәпсімен күрес» [8].

5 <https://kazbilim.kz> сайтына журналист Т. Өскенбайдың «**Реформа, реформа... және сағадиевтік синдром**» атты мақаласы шықты. Онда журналист бұрынғы Білім және ғылым министрі болған Сағадиевтің өскелең ұрпақтың санасына тәжірибе жасауды көздеген «Үш тұғырлы тіл» саясатын сынға алған. Министрге қатысты «*Су жаңа министр* осылай *«сүбелі»* ой айтты», «Мұны бізден гөрі *«инновацияшыл» Сағадиев* жақсы біледі», «оқудың формасын өзгертуге құмар, *мазмұнымен ісі жоқ Сағадиев»* секілді жағымсыз, кекесін мәндегі тіркестер мен сөйлемдерді қолданады. Реформадан көз ашпаған білім жүйесінің жағдайын ашына айтып, білімнің мазмұнына мән беріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру керек екенін айтқан Т. Өскенбай не себепті тақырыпты «сағадиев синдромы» деп қойды деген сұрақ туындайды. Мақала «Өзінің айтуынша, жеті жасқа келгенше тек қана қазақ тілінде сөйлеген. Бәлкім, Ерлан Сағадиевтің санасында бала кезде орыс тілділерден көрген қорлығы, олардан өзін төмен санау, кем көру әдеті жасырынып жатпасына кім кепіл?! Орыс мектебінде кеткен кегін беймәлім түрде бүгінгі ұрпақтан алуы да ғажап емес. Психологияның заңдылығы бар осындай... Өкініштісі, орыс тілділерден емес, қазақ тілділерден, өз ұлтынан алады. Мұны «сағадиевтік синдром» деп бөле-жара атауға да болады» [9] деген сөйлемдермен аяқталады. Журналист ұлтқа қиянат жасайтын реформа ойлап тапқан министрдің психологиялық жай-күйіне қатысты осындай шешім шығарып, мақаланы «*Реформа, реформа... және сағадиевтік синдром*» деп атауды жөн көрген.

6 Енді құрылыс саласына қатысты «Бесоба синдромы» тіркесіне тоқтала кетсек. Баспасөз беттерінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылысы сапасын

«Бесоба синдромы» кезіп жүр» [10] деген сөйлемдермен басталатын өте көп мақалалар жарық көрді. Еліміздің ең үлкен қалаларының бірі Қарағандыда бірнеше жыл бұрын «Бесоба» тұрғын үй кешені қираған болатын. Өте сапасыз салынған жап-жаңа үйдің орнындағы үйінді көрінісі республика халқына БАҚ арқылы кеңінен таратылып, елдегі құрылыс саласындағы жауапсыздық, берекесіздікті сипаттайтын тілдік қолданыстың пайда болуына себеп болды. Оған мысал – Қ.Зарыққанқызының «**Бесоба синдромы сабақ болмады ма?**» деген мақаласы (ЖА, 24.09.2020). Мұнда Алматы облысы, Шонжы ауылындағы спорт кешенінің салынбай жатып қирағаны жайлы айтылады. Сол сияқты құрылыс сапасына қатысты «**Қазақстандық құрылыс сапасы немесе «Бесоба» синдромының салқыны**» (23.08.2013), «**Бесоба синдромы немесе жемқорлар Қазақстанды қашан құлатады?**» (9.06.2016. Е.Кәпқызы) атты мақалаларда да жағымсыз пікірлер мен сыни көзқарастар аталған жағдайдың немесе прецедентті жағдайдың бір белгісі – оним арқылы вербалданып тұр. Мақаладағы бұл «Бесоба» онимі – негізгі нысан ретінде дараланып, ерекшеленген басты компонент. Сол арқылы мәтін идеясы оқырман назарына бірден түсінікті болады.

7 Осы тіркес негізінде «Егемен Қазақстан» газетіне Абай Отардың «Стокгольм синдромы» мақаласы шықты. Мақала осы аурудың шығу тарихы, белгілері, сипатына арналғанымен, журналистің айтысы келіп көкейінде жүрген ойы төмендегіше: «**P. S.** Кейде ел ішінде ашаршылық жылдары қазақты қынадай қырған, бетке ұстар азаматтарын саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан, Екінші дүниежүзілік соғыста қиян-кескі ұрысқа айдап салған, кешегі Желтоқсан оқиғасында аяушылық танытпаған Кеңес өкіметін аңсайтындарды көргенде біздің қоғам «Стокгольм синдромын» жұқтырған-ау деген ой келеді...» [11]. Журналист жоғарыдағы мысалдарда аталған синдром белгілерінің қоғамдағы жеке тұлғалардың іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы көрінетінін байқатса, соңғы мысалда тұтас халыққа тән болып отырған психологияны көрсетеді.

Аталған жағдайлардың бәрі стрестік болмаса да, қоғам мүшелерінің бойына дендеп енген жағымсыз әдеттерді, іс-әрекетті сипаттайтыны сөзсіз.

8. Орыс тілді басылымдарда да осы тіркеспен келетін мақалалар бар. Мысалы, <https://journal.tinkoff.ru/> сайтында шыққан Ольга Карасеваның «**Бьет – значит любит: что такое стокгольмский синдром**» (4.07.2022) атты мақаласы. Мұнда журналист осы ауруға ұшыраған әйел адамдарының «**Если со мной поступают жестоко, я этого заслуживаю**»; «**Бьет — значит любит**»; «**С нами по-доброму нельзя, сразу распустимся**»; «**Он хороший человек, просто такой вот вспыльчивый характер**»; «**Начальник всегда прав**» [12] сияқты сөздерінің таусылмайтынын жазады, ары қарай бұның дұрыс емес екені жөнінде пікірін білдіріп кетеді. Жоғарыда айтып өткендей шетелдік

психолог ғалымдар Стокгольм синдромы ауруын қарастырғанда бірден жәбірі көруші әйел бейнесін бірге алып жүреді. Ғалым Cassidy James Patrickтің зертеу еңбегінде 3 түрлі синдромның бірі ретінде соққыға жығылған әйел синдромын жеке алып қарауы да тегін емес. Себебі, бұл емі жоқ аурумен ауыратын жандардың басым көпшілігі әйелдер қауымы.

Байқағанымыздай, «... барлық халықтардың тіршілік болмысына тән, ортақ болып келетін, тек олардың вербалдануы сол халықтардың тарихи-әлеуметтік, діни-конфессиялық, саяси-географиялық, тіпті шаруашылық жай-жағдаяттарымен байланысты болатын» [13. 184] прецедентті құбылыстарды журналистер өз мүддесіне уәжді түрде пайдаланады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, интертекстуалдылық – оқырман санасында бір ассоциация тудыратын, мәтінде жасырын немесе ашық түрде берілетін мәтін түзуші элементтің бірі. Газет беттерінен кездестірген «Шапан жабу синдромы», «Күншілдік синдромы», «Сағадиев синдромы», «Ескендір синдромы», «Бесоба синдромы», «Стокгольм синдромы» деген тақырыппен жазылған мақалалардың барлығы сол аурудың белгісін жасырын түрде меңзеп тұрғандай. Жалпы журналистің мәтін тақырып аттарын «Синдром» сөзімен тіркестіріп қойғанынан-ақ оның айтқысы келген мәселе төңірегіндегі жағымсыз мәндегі ойын байқауға болады. Осындай тақырыптар арқылы журналист оқырманға бірден сыни тұрғыдан жазылатын мақаланы көрсеткісі келеді, ал ерекше атаумен аталған мақаланың оқырман жүрегіне бірден жол табатыны, тартымды болатыны анық.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Гладильщиков, Ю.** Как родился стокгольмский синдром // ForbesLife. – 2019. [Электронды ресурc]. – Қолжетімді режимі: <https://www.forbes.ru/forbeslife/379021-kak-rodilsya-stokgolmskiy-sindrom>

2 **Ведмеш, Н. А.** Стокгольмский синдром [Электронды ресурc] – Қолжетімді режимі: <https://psihomed.com/stokgolmskiy-sindrom/>

3 **Minu, S. N.** Stockholm syndrome – A self delusive survival strategy// International Journal of Advanced Research. – 2015. - №3 (11). [Электронды ресурc]. – Қолжетімді режимі: https://www.journalijar.com/uploads/309_IJAR-7677.pdf

4 **Cassidy, J. P.** The Stockholm syndrome, battered woman syndrome and the cult personality: An integrative approach // Dissertation or Thesis. – USA, 2000. – 89 p. [Электронды ресурc]. – Қолжетімді режимі: <https://www.proquest.com/openview/45393326104c1acdea15a5ac8847cf8e/1?pq-origsite=gscholar&cbl=18750&diss=y>

5 **Namnyak, M., Tufton, N., Szekely, R., Toal, M., Worboys, S., Sampson, E. L.** Stockholm syndrome: psychiatric diagnosis or urban myth? // Acta Psychiatrica Scandinavica. – 2008. – № 117 (1). [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/j.1600-0447.2007.01112.x>

6 **Зарыққанқызы, Қ.** Жақсылықовтың жоспары: «шапан жабу синдромы // Жас Алаш. – 2022. [Электронды ресурс] – Қолжетімді режимі: <https://zhasalash.kz/sayasad/zhaqsylyqovtyn-zhospary-shapan-zhabu-sindromy-20358.html>

7 **Жақсығалиев, Ж.** Күншілдік синдромы. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: <https://zhaikpress.kz/kk/news/kunshildik-sindromy/>

8 **Ожайұлы, Ы.** Ескендір синдромы [Электронды ресурс] – Қолжетімді режимі: <https://dalanews.kz/aimak/19821-y-ylas-ozhaj-ly-eskendir-sindromy>

9 **Өскенбай, Т.** Реформа, реформа... және сағадиевтік синдром [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: <https://dalanews.kz/bilim/13873-reforma-reforma-zh-ne-sa-adiievtik-sin>

10 **Зарыққанқызы, Қ.** «Бесоба синдромы» сабақ болмады ма? // Жас Алаш. – 2020. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/besoba-sindromy-sabaq-bolmady-ma!-12645.html>

11 **Отар, А.** Стокгольм синдромы // Егемен Қазақстан. – 2022. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: <https://egemen.kz/article/308905-stokgolm-sindromy>

12 **Карасева, О.** Бьет – значит любит: что такое стокгольмский синдром // Тинькофф журнал. – 2022. – № 4. [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: <https://journal.tinkoff.ru/stockholm-syndrom/>

13 **Адилова, А. С.** Көркем мәтіндердегі цитация құбылысы : Монография [Текст]. – Алматы: Эверо баспасы, 2015. – 215 б.

14 **Фатеева, Н. А.** Интертекст в мире текстов: Контрапункт интертекстуальности [Текст]. – М. : КомКнига, 2007. – 280 с.

References

1 **Gladilshnikov, Yu.** Kak rodilsya stokgolmskij sindrom [How Stockholm syndrome was born] // ForbesLife. – 2019. [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.forbes.ru/forbeslife/379021-kak-rodilsya-stokgolmskiy-sindrom>

2 **Vedmesh, N. A.** Stokgolmskij sindrom [Stockholm Syndrome] [Electronic resource]. – Access mode: <https://psihomed.com/stokgolmskiy-sindrom/>

3 **Minu, S. N.** Stockholm syndrome – A self delusive survival strategy // International Journal of Advanced Research. – 2015. – № 3 (11). [Electronic resource]. – Access mode: https://www.journalijar.com/uploads/309_IJAR-7677.pdf

4 **Cassidy, J. P.** The Stockholm syndrome, battered woman syndrome and the cult personality: An integrative approach // Dissertation or Thesis. – USA, 2000. – 94 p. [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.proquest.com/openview/45393326104c1acdea15a5ac8847cf8e/1?pq-origsite=gscholar&cbl=18750&diss=y>

5 **Namnyak, M., Tufton, N., Szekely, R., Toal, M., Worboys, S., Sampson, E. L.** Stockholm syndrome: psychiatric diagnosis or urban myth? // Acta Psychiatrica Scandinavica. – 2008. – № 117 (1). [Electronic resource]. – Access mode: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/j.1600-0447.2007.01112.x>

6 **Zaryqqanqyzy, K.** Zhaksylyqovty`n zhospary: «shapan zhabu sindromy [Zhaksylykov's plan: «chapan wearing syndrome»] // Zhas Alash. – 2022. [Electronic resource]. – Access mode: <https://zhasalash.kz/sayasat/zhaqsylyqovty-n-zhospary-shapan-zhabu-sindromy-20358.html>

7 **Zhaksygaliev, Zh.** Kunshildik sindromy [Envy syndrome] [Electronic resource]. – Access mode: <https://zhaikpress.kz/kk/news/kunshildik-sindromy/>

8 **Ozhajuly, Y.** Eskendir sindromy [Alexander syndrome] [Electronic resource]. – Access mode: <https://dalanews.kz/aimak/19821-y-ylas-ozhaj-ly-eskendir-sindromy>

9 **Oskenbaj, T.** Reforma, reforma... zhane sagadiyevtik sindrom [Reform, reform reform and Sagadeev syndrome] [Electronic resource]. – Access mode: <https://dalanews.kz/bilim/13873-reforma-reforma-zh-ne-sa-adiyevtik-sin>

10 **Zaryqqankyzy, K.** «Besoba sindromy» sabak bolmady ma? [Wasn't «Besob syndrome» a lesson?] // Zhas Alash. – 2020. [Electronic resource]. – Access mode: <https://zhasalash.kz/kogam/besoba-sindromy-sabaq-bolmady-ma-12645.html>

11 **Otar, A.** Stokgolm sindromy [Stockholm Syndrome] // Egemen Kazakhstan. – 2022. [Electronic resource]. – Access mode: <https://egemen.kz/article/308905-stokgolm-sindromy>

12 **Karaseva, O. B`et – znachit lyubit: chto takoe stokgolmskij sindrom [Beats means loves: what is Stockholm Syndrome?] // Tinkoff journal. – 2022. № 4. [Electronic resource]. – Access mode: <https://journal.tinkoff.ru/stockholm-syndrom/>**

13 **Adilova, A. S.** Korkem matinderdegi citaciya kubylysy [The phenomenon of citation in literary texts: monograph] [Text]. – Almaty : Evero, 2015. – 215 p.

14 **Fateeva, N. A.** Intertekst v mire tekstov: Kontrapunkt intertekstualnosti [Intertext in the world of texts : Counterpoint of intertextuality] [Text]. – Moscow : KomKniga, 2007. – 280 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

*А. Ш. Каппасова¹, А. С. Адилова²

^{1,2}Карагандинский университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Принято к изданию 08.09.23.

ПРЕЦЕДЕНТНОЕ ЯВЛЕНИЕ И ГАЗЕТНЫЙ ТЕКСТ

В статье рассматривается одна из актуальных проблем, которая в настоящее время всесторонне изучается в филологической науке – феномен интертекстуальности в вербальном слое текстов творческого стиля. В последние годы на газетном языке активно используются фрагменты различных текстов. Новый формат, возникший при создании темы со стороны журналистов – это феномен цитирования или интертекстуальность. В статье показано, что данная форма используется с целью привлечения внимания читателя, выделения заголовка текста, лаконичной передачи заголовка текста. Также, ссылаясь на прецедентный текст, человек, получающий информацию, еще больше усиливает свою мыслительную активность, отношение, чтобы понять поставленную тему. Основные функции темы – информационная и номинативная. Тема текста занимает основное место в проявлении интереса читателя к тексту, в создании эмоционального отношения к определенной новизне, проблеме, в формировании собственной точки зрения читателя, в обеспечении его запоминаемости. В научной статье рассматриваются названия тем, созданных прецедентным явлением, способным точно передавать такие функции темы текста в средствах массовой информации. В результате в статье рассматриваемая проблема – деятельность прецедентных текстов, проявляющаяся в заголовках отечественных газетных материалов через принцип цитирования, их специфика исследуется с помощью методов анализа, обобщения.

Ключевые слова: интертекстуальность, текст, прецедентный текст, газетный язык, «Стокгольмский синдром», прецедентный феномен.

*A. S. Kappasova¹, A. S. Adilova²

^{1,2}Karaganda Buketov University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Accepted for publication on 08.09.23.

PRECEDENT PHENOMENON AND NEWSPAPER TEXT

The article deals with one of the urgent problems that is currently being comprehensively studied in philological science – the phenomenon of intertextuality in the verbal layer of creative style texts. Fragments of various texts have been actively used in the newspaper language in recent years. A new format that emerged when creating a topic on the part of journalists is quoting or intertextuality. The article shows that this form is used to attract the reader’s attention, highlight the title of the text and concisely convey the title of the text. Also, by referring to the precedent text, the person receiving the information further enhances his mental activity, attitude, in order to understand the topic. The main function of the topic is informational and nominative. The theme of the text occupies the main place in the manifestation of the reader’s interest in the text, in creating an emotional attitude to a certain novelty, problem, in forming the reader’s own point of view, in ensuring its memorability. The scientific article discusses the names of topics created by a precedent phenomenon that can accurately convey such functions of a text topic in the media. As a result, the article deals with the problem of the activity of precedent texts, manifested in the headlines of domestic newspaper materials through the principle of citation, their specificity is investigated using methods of analysis, generalization.

Keywords: intertextuality, text, precedent text, newspaper language, «Stockholm syndrome», precedent phenomenon.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz